

"Тасбөгет кенті көшелеріне жаңадан атау беру туралы" Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 586 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті әкімінің 2012 жылғы 03 сәуірдегі N 938 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қызылорда қалалық Әділет басқармасында 2012 жылы 04 мамырда N 10-1-212 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына с ә й к е с **Ш Е Ш Е М І Н :**

1. "Тасбөгет кенті көшелеріне жаңадан атау беру туралы" Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 586 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 3 маусымда N 10-1-142 болып тіркелген, " Ақмешіт ақшамы" газетінде 2010 жылғы 11 маусымда N 25 санымен жарияланған) ө з г е р і с т е р е н г і з і л с і н .

Тасбөгет кенті әкімінің 2010 жылғы 11 мамырдағы N 586 шешімінің кіріспе бөлігі ж а ң а р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңдары, Қызылорда қалалық ономастикалық комиссиясының 2010 жылғы 11 наурыздағы N 2 ұйғарымы негізінде **ШЕШЕМІН:**"

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау кент әкімінің бас маманы А. Таспанова ж ү к т е л с і н .

3. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Ә. Құтмамбетов